

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 993 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 маусымдағы N 1590 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1142 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.01.27 № 1142 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Бұқаралық ақпарат құралдары (ақпараттық саясат) жөніндегі Қоғамдық кеңестің қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Бұқаралық ақпарат құралдары (ақпараттық саясат) жөнінде Қоғамдық кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 993 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 46, 459-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Бұқаралық ақпарат құралдары (ақпараттық саясат) жөніндегі Қоғамдық кеңес туралы Ережеде:

8-тармақтағы "үш айда кемінде бір мәрте" деген сөздер "жылына екі мәрте" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтағы "Баспасөз қызметі" деген сөздер "Әлеуметтік-саяси бөлімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Бұқаралық ақпарат құралдары (ақпараттық саясат) жөніндегі Қоғамдық кеңестің құрамына мыналар енгізілсін:

Әбдікәрімов Оралбай - Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік хатшысы, төраға,

Қалетаев - Қазақстан Республикасы Президенті
Дархан Аманұлы Әкімшілігінің Әлеуметтік-саяси
бөлімінің меңгерушісі, хатшы,

Абдрахманов Сауытбек - "Егемен Қазақстан" республикалық
газеті" ААҚ президенті,

Балиева - Қазақстан Республикасы Әділет
Зағипа Яхияқызы министрі,

Беркінбаев - "Сайрам ақшамы" телекомпаниясының
 Еділбай Түймебайұлы бас редакторы
 Дошаев - "Атырау ақпарат" МКК төрағасы,
 Ерген Николаевич
 Куликова - "Собкор" ЖШС президенті,
 Валентина Куприяновна
 Күнбаев - "Эра" телекомпаниясы" ЖШС бас
 Мірболат Тоқмырзаұлы директоры,
 Майлыбаев - Қазақстан Республикасы Президенті
 Бағлан Асаубайұлы Баспасөз қызметінің жетекшісі -
 Баспасөз хатшысының орынбасары,
 Мұқанов - "Өскен өмір" газетінің бас
 Жұмабек Сейілханұлы редакторы,
 Талаева - "Тандем" телерадиокомпаниясы"
 Тәттігүл Жаксыбайқызы ЖШС директоры,
 Шахнович - "Мегаполис" газетінің бас
 Игорь Олегович редакторы,
 Шораев - "Хабар" агенттігі" АҚ орталық
 Арман Төлегенұлы бюросының директоры;
 "Матаев - Қазақстан Журналистер одағы
 Сейітқазы Бейсенғазыұлы басқармасының төрағасы, Кеңес
 төрағасы,
 Қосыбаев - Қазақстан Республикасы Президенті
 Есетжан Мұратұлы Әкімшілігінің Баспасөз қызметінің
 жетекшісі, Кеңес хатшысы",
 "Квятковский - "Столичная жизнь" газетінің бас
 Олег Вадимович редакторы"
 деген жолдар тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:
 "Матаев Сейітқазы - Қазақстан Журналистер одағы
 Бейсенғазыұлы басқармасының төрағасы
 Қосыбаев - Қазақстан Республикасы Мәдениет,
 Есетжан Мұратұлы ақпарат және спорт министрі",
 "Квятковский - "Казахстанская правда" республикалық
 Олег Вадимович газеті" АҚ президенті";
 аталған Кеңестің құрамынан: Е.В.Доцук, Ж. Қорғасбек, В.А.Рерих,
 О.Г.Рябенко, Р.Ш.Шамсутдинов шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
 Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК